Трансформаторлардың дифференциалды қорғанысы. Қуаты 6,3 МВа болатын трансформаторларда қысқаша тұйықталудың барлық түрінен қорғанысы үшін орамдарды және шықпаларда бойлық дифференциялды қорғаныс қолданылады. Қорғаныста ДЗТ-11 типті реле қолданылады.

Үшорамды трансформаторларда қорғаныс үш релелі болып, яғни ТТ ВН және СН жағында үшбұрышқа, НН жағында жұлдызшаға жалғануы керек. Қорғаныс үшін қолданылатын ТТ, осында өтетін сыртқы қ.т. ағуы кезінде меншікті еселік қисығын қанағаттандыру керек. ТТ трансформация коэффициентін таңдау олардың екіншілік орамаларының байланысу сұлбасы мен қорғаныс бойында екіншілік токтың теңестірілуі қажеттілігін ескергенде орындалады. Сонымен бірге қорғалынатын трансформатордың біріншілік тогынан шығатын $I_{îî}$, егер осы жақта ТТ жұлдызшаға жалғанса, және тек $\sqrt{3}I_{îî}$, егер үшбұрышқа жалғанса.

ТРДН – 25000/110; ±9х1,78%/10,5кВ;

Uквн=10,5%;

Uкmin=9,82%; Uкmax=11,5%;

$$X_{c\max} = \frac{U^2{}_{cp}}{S_{k\max}} = \frac{110^2}{700} = 17{,}3, \quad (2.59)$$

$$X_{c\min} = \frac{U^2{}_{cp}}{S_{k\min}} = \frac{110^2}{500} = 24{,}2, \quad (2.60)$$

$B_{\max}$ =6х2,1%,

$$A_{\max} = 1 + B_{\max} = 1 + 9х0{,}0178 = 1{,}16, \quad (2.61)$$

$$A_{\min} = 1 - B_{\max} = 1 - 9х0{,}0178 = 0{,}84. \quad (2.62)$$

$$I_{т.ном} = \frac{S_{тр}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}} = \frac{25}{\sqrt{3} \cdot 110} = 131{,}4A \quad (2.63)$$

$$I_{т\max\ рег} = \frac{I_{тн}}{A_{\max}} \quad (2.64)$$

$$I_{т\max\ рег} = \frac{131{,}4}{1{,}16} = 113{,}3A$$

$$I_{т\min рег} = \frac{I_{тн}}{A_{\min}} \quad (2.65)$$

$$I_{т\min\ рег} = \frac{131{,}4}{0{,}84} = 156{,}4A$$

$$K_{т\max\ рег} = K_{тном} \cdot A_{\max} \quad (2.66)$$

$$K_{т\max\ рег} = 110 \cdot 1{,}16 / 10{,}5 = 12$$

$$K_{т\min\ рег} = K_{тном} \cdot A_{\min} \quad (2.67)$$

$$K_{т\min\ рег} = 110 \cdot 0{,}84 / 10{,}5 = 8{,}8$$

Берілген трансформатордың параметрлерін есептейміз:
Жоғарғы кернеу жақ үшін:

$$X_{ТН.ЖК} = \frac{U_{л}}{100} \cdot \frac{U_{ном}^{2}}{S_{у.тр}} = \frac{10,5}{100} \cdot \frac{115^2}{25} = 55,5 Ом, \quad (2.68)$$

$$X_{т\max} = X_{тном} \cdot \frac{U_{k.\max}}{U_{k.ном}} \cdot A_{\max}^{2} = 55,5 \cdot \frac{11,5}{10,5} \cdot 1,16^2 = 82 \text{ Ом}, \quad (2.69)$$

$$X_{т\min} = X_{тном} \cdot \frac{U_{k\min}}{U_{кно}} \cdot A_{\min}^{2} = 55,5 \cdot \frac{9,82}{10,5} \cdot 0,84^2 = 36,3 \text{ Ом}, \quad (2.70)$$

$$U_{т\max} = U_{тном} \cdot A_{\max}, \quad (2.71)$$

$$U_{т\max} = 110 \cdot 1,16 = 127,6 \text{ кВ},$$

$$U_{т\min} = U_{тном} \cdot A_{\max}, \quad (2.72)$$

$$U_{т\max} = 110 \cdot 0,84 = 92,4 \text{ кВ},$$

Трансформатор арқылы ағатын, максималды авариялық тоқ:

$$I_{тав\max} = \frac{U_{кнн} \cdot K_{т\min\, рег}}{\sqrt{3}\left(X_{c\max} + X_{т\min}\right)}, \quad (2.73)$$

$$I_{тав\max} = \frac{10500 \cdot 8,8}{\sqrt{3}(17,3 + 36,3)} = 993,5 \text{ А}.$$

Трансформатор арқылы ағатын, шынайы тоқ:

$$I^{(3)}_{т.д\max} = I_{ав}^{(3)} + 0,6 \cdot I_{т\min\, рег}, \quad (2.74)$$

$$I^{(3)}_{т.д\max} = 993,5 + 0,6 \cdot 156,4 = 1087,34, \text{ А}.$$

НН жағындағы тоқ:

$$I_{т.днн\max} = I_{тд\max} \cdot K_{т\min\, рег} \text{ А}, \quad (2.75)$$

$$I_{т.днн\max} = 1087,34 \cdot 8,8 = 9568,6, \text{ А},$$

Минималды авариялық тоқ:

$$I^{(3)}_{ав\min} = \frac{U_{нн} \cdot K_{т\max\, рег}}{\sqrt{3}\left(X_{c\min} + X_{т\max}\right)}, \text{ А}, \quad (2.76)$$

$$I^{(3)}_{ав\min} = \frac{10500 \cdot 12}{\sqrt{3}(24,2 + 82)} = 685, \text{ А}.$$

Трансформатор арқылы ағатын, шынайы тоқ:

$$I_{т.д\min} = I_{тав\min} + 0{,}6 \cdot I_{т\max\ рег}\ , \text{А}, \qquad (2.77)$$

$$I_{т.д\min} = 685 + 0{,}6 \cdot 113{,}3 = 753\ \text{А}.$$

110 кВ жағындағы минималды тоқ:

$$I_{тднн\min} = I_{тд\min} \cdot K_{т\max\ рег}\ , \text{А}, \qquad (2.78)$$

$$I_{тднн\min} = 753 \cdot 12 = 9036\ \text{А}.$$

Сіңдірілу тогы:

$$I''_{(0)} = E''_{(0)} \cdot I_{*пуск} \cdot I_{н}, \text{А}. \qquad (2.79)$$

Төменде кестеде дзт есебі бойынша бастапқы берілгенде және күштік трансформатордың дифференциалды қорғанысының есебі көрсетілген.(2.22 кесте)

2.22 кесте - Бастапқы берілгендер мен күштік трансформатордың дифференциялды қорғанысының есебі

Өлшемдердің аталуы	Есептік формула және белгіленуі	ТРДН-25000 автотрансформаторының орамасы үшін сандық мәндер	
		110кВ	10,5кВ
Номиналды қуатқа сәйкес келетін қорғалатын трансформатордың жағындағы біріншілік токтар, А	$I_{н.т} = \dfrac{S_{н.т}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}}$	$\dfrac{25000}{\sqrt{3} \cdot 110} = 131{,}4$ А	$\dfrac{25000}{\sqrt{3} \cdot 10{,}5} = 1376$ А
Екіншілік ораманың жалғану сұлбасы		Δ Ксх=√3	Y Ксх=1
ТТ трансформациясының есептік коэффициенті	$n_{т\Delta} = \dfrac{\sqrt{3} \cdot I_{н.т}}{5}$ $n_{тY} = \dfrac{I_{н.т}}{5}$	$\dfrac{\sqrt{3} \cdot 131{,}4}{50} = 4{,}5$	$\dfrac{1376}{50} = 4{,}6$
ТТ трансформа-циясының қабыл-данған стандартты коэффициенті	$n_{т}$	800/5=160	8000/5=1600

Қабылданған ТТ типі		ТФЗМ – 220-У1	ТШВ – 15
Қорғалатын трансформатордың номиналды қуатына сәйкес келетін, қорғаныс бойындағы екіншілік токтар, А	$I_{2н.\Delta} = \frac{k_{сх} \cdot I_{н.т}}{n_т}$ $I_{2н.Y} = \frac{k_{сх} \cdot I_{н.т}}{n_т}$	$\frac{\sqrt{3} \cdot 314{,}15}{160} = 3{,}4$	$\frac{6560{,}8}{1600} = 4{,}1$

Төменгі реле тағайыншамасын және қорғаныстың сезімталдылыығын анықтау кестесі көрсетілген (2.23 кесте)

2.23 кесте - Реле тағайыншамасын және қорғаныстың сезімталдығын анықтау

Өлшемдердің аталуы	Есептік формула және белгіленуі	Трансформатор орамы үшін сандық мән
Жүктелмеген трансформаторды косқан кездегі магниттелу тогының лақтыруынан отсройка шартынан қорғаныстың біріншілік есептік іске асыру тоғы (негізгі жаққа келтірілген), А	$I_{с.з.} \geq K \cdot I_{н.т}$ (К=1,5)	$1{,}5 \cdot 131{,}4 = 197{,}1$
Негізгі жақтағы реленің іске асу тогы (аса екіншілік тогы бар 230 кВ жағы),А	$I_{срY} = \frac{I_{с.з.} \cdot K_{сх.оси}}{n_т}$	$\frac{\sqrt{3} \cdot 197{,}1}{250/5} = 6{,}82$
Негізгі жақ орамасына арналған қанықтыратын трансформатор релесінің орамасының есептік орам саны.	$W_{осн} = \frac{F_{ср}}{I_{ср.осн}}$	$\frac{250}{6{,}82} = 36{,}66 \approx 37$

Тексеру: $4.5 \cdot 37 \approx 4{,}6 \cdot 36,$

$$166{,}5 \approx 165{,}6.$$

$I_T \cdot W_T \geq K_H \cdot I_p \cdot W_p$ немесе $I_{к.макс.ви.вт} \cdot W_T \geq I_T \cdot I_{нб} \cdot W_p,$

$$W_T = \frac{K_u \cdot I_{нб.вр} \cdot W_p}{I_{k.max} \cdot tg\alpha}, tg\alpha = 0{,}87, \quad (2.80)$$

$$W_T = \frac{1.5 \cdot 114{,}7 \cdot 37}{1087{,}34 \cdot 0.87} = 6{,}7 \approx 7 \text{ } тежегіш \text{ } таңдаймын,$$

$$W_{нег} \geq W_T,$$

$$37 \geq 7.$$

$$I_p \cdot W_p \geq I_T \cdot W_T,$$
$$9036 \cdot 37 \geq 9036 \cdot 7,$$
$$I_{k.max} \cdot W_T \geq K \cdot I_{нб} \cdot W_{нег}, \tag{2.81}$$
$$9036 \cdot 7 \geq 1.5 \cdot 114{,}7 \cdot 37,$$
$$63252 \geq 6365{,}85.$$

Сезімталдылық коэффициентін тексереміз:

$$I_{p.min} = \frac{1.5 \cdot I_{T}.авмин}{n_{TT}} = \frac{1.5 \cdot 9036}{250/5} = 271, \tag{2.82}$$
$$I_{p.ic} = \frac{250}{36} = 6{,}94,$$
$$K_{сез} = \frac{271}{6{,}94} = 39 \geq 2.$$

Шарт қанағаттандырылғандықтан, дифференциалдық қорғаныс жарамды деп қабылданады.

3 Электр торабын жобалау және синхронды компенсаторлардың реактивті қуатын автоматты реттеу.

3.1 Қуат шығындарын төмендетуге арналған шаралар

Қабылдағыштарды қалыпты жұмыспен қамтамасыз ету үшін активті қуатпен қоса реактивті қуат та қажет. Реактивті қуат магнит өрістерін тудыру үшін шығындалады және энерготасымалдаушының (отын) шығындалуын қажет етпейді. Алайда оны желілер арқылы тарату кезінде, тораптардың элементтеріндегі активті қуаттардың шығындалуымен байланысты болады. Бұл элементтерде реактивті қуаттар да шығындалады, ол оның генерациясын жоғарлатуды талап етеді. Сондықтан реактивті қуатты пайдаланудың азаюы активтінің үнемделуіне алып келеді, сонымен қоса қуаттың шығындарын азайтады.

Тораптың рационалды құрастырудың мақсаты (конфигурацияларын, қималарын, трансформаторлардың қуаттарын және т.б таңдау) және тораптардың оңтайландырудың дамуы тораптың бағасы мен қуат шығынының, яғни келтірілген шығындардың минимумын қамтамасыз етуінің, арасындағы аса тиімді қатынасты ұстауға байланысты болады. Алайда қаражатты көп жұмсамайтын қуатты төмендетудің басқа да шаралары бар: арнайы бірінші ретті (вольтқосқыш трансформаторлар, қарымталаушы құрылғылар және т.б) және екінші ретті құрылғыларды (автоматика және релелік қорғаныс құрылғыларын) орнату.

3.1 кестеде тораптардың әр түрлі шартты топтарына арналған қуат шығындарының негізгі түрлері көрсетілген. Өз кезегінде шығындар техникалық, ұйымдық және коммерциялық болып бөлінеді.

Техникалық- торапты қайта жасауды және қосымша қондырғыны орнатуды немесе ауыстыруды қарастырады. Оларға келесілер жатады: 1) қарымталау құрылғыларын орнату; 2) жетектерді үлкен қималы жетектерге ауыстыру; 3) асажүктелген және жүктелмей қалған трансформаторларды ауыстыру;4) реттеу құрылғыларын орнату (РПН және ПБВ бар трансформаторлар, вольтқосқыш трансформаторлар, шунттаушы реакторлар және т.б); 5) трансформация коэффициентін автоматты реттеу; 6) конденсатор батареясының қуатын автоматты реттеу; 7) жоғарғы және аса жоғарғы кернеулі бір тегіс емес тұйық тораптардағы қуат ағындарын реттейтін құрылғыларды орнату (мысалы, контурда қарсы ЭҚС бар ПРТ тізбекті реттеуші трасформаторлар); 8) тораптарды аса жоғары номиналды кернеуге ауыстыру; 9) объектілердің копиталды құрылыстарынан кейінгі оңтайлы сұлбаларды және тораптардың конфигурациясын құрастыру; 10) релелік қорғаныстың, автоматиканың, телемеханиканың және т.б өлшеулердің аса жетілдірілген түрлерін енгізу.

Төменгі кестеде қуат және энергия шығындарының түрлері көрсетілген (3.1 кесте)

3.1 кесте - Қуат және энергия шығындарының түрлері

Энергожүйенің желілерінің топтары (шартты түрде)	Шығындардың негізгі түрлері
Аса жоғарғы (330-750кВ) және жоғарғы (110-330кВ) кернеулі желілер110-750кВ (алыс қашықтықтағы электр беріліс желілері; жүйеаралық байланыс; 110-500кВжелілержегі жүйе құраушы) Орташа кернеулі тарату желілері 6-35кВ (қалалық және ауылдық) 1000В дейінгі төменгі кернеулі тарату желілері	Бос жүріс: (жүктемеден тәуелсіз) - тәж бойынша -трансформатор болаттарында -ҚҚ құрылғыларының параллель тізбектерінде Жүктелген: (жүктемеге тәуелді) -желілерде -трансформатор орамдарында -ҚҚ тізбектелген тізбегінде Жүктелген: - желілерде -трансформатор орамдарында Бос жүріс: -трансформатор орамдарында Жүктелген: - желілерде -фазалардағы симметриялы емес жүкктемемен

Ұйымдық-жетілдірілген қызмет көрсетуді, желілердің оңтайлы сұлбаларын және олардың жұмыс істеу режимдерін қарастырады. Оларға келесілер жатады: 1) реактивті қуат бойынша желі режимдерінің орнықталған тиімділігі (КУ және трансформация коэффициенттеріне оңтайлы реттеу заңдылықтарын таңдау); 2) 6-35кВ желілердегі тұйықталудың ашылатын жерін оңтайландыру (ток бөлгіш нүктелерде); 3) ЭС генераторларын жүйеде реактивті қуат жетіспеген кезде синхронды компенсатор режиміне ауыстыру; 4) радиалды желілердің орталық коректеріндегі жұмыс кернеулерін оңтайландыру; 5) аз жүктеме режимі кезінде трансформаторларды өшіру; 6) желілердегі фазаның жүктемелерін теңестіру; 7) тізбектің азайюы және жөндеудің сапасы мен қызметін жақсарту; 8) шығындарды азайтудың жаңа шараларын жасау және зерттеу; 9) қызметкерлерді ынталандыру және т.б.

Коммерциялық-жетілдірілген қызмет көрсетуді қарастырады және қоректенушілерді есепке ала отырып Энергобақылаушы арқылы орындалады. Оларға келесілер жатады: 1) санағыштарды орнату; 2) ұрлықпен күрес; 3) есептің жүйесін жетілдіру және т.б.

Қуат шығындарын төмендету шаралары жобалау кезінде де, сонымен қоса эксплутациялау кезінде де іске асады. Эксплуатациялық шаралар режимдерді оңтайландыру кезінде үнемі өткізіліп отырады. Жоғарғы кернеулі желілердегі (110кВ және жоғары) шығындар шамамен 50-55% құрайды, орташада (6,10,20 және 35кВ) -25-30% және төменгі кернеуде-10%. Одан басқа шығындар (коммерциялықты қосқанда) 10% жету мүмкін. Қосалқы станцияның өзіндік қажеттіліктеріне кететін шығындардың қосындысы, яғни қондырғының, желдеткіштің, компенсатордың, ток және кернеу трансформаторларының қызуы электросанағыштарда елеусіз және олар 1-3% тең.

Желілердегі жүктемелер жоғарлаған сайын шығындар көбейеді және желінің бағасы мен шығындарының арасындағы қатынас номиналдыдан ауытқиды. Қабылдағыш желілердегі активті және реактивті жүктемелерді өзгерту өздігінен энергожүйедегі активті және реактивті қуаттардың асқын тогының өзгерісіне алып келеді, сәйкесінше ондағы шығындардың өзгерісіне де. Сондықтан шығындардың деңгейін үнемі бақылап отыру қажет, себебі олар барлық желілердің жұмыстарының үнемділігін сипаттайды. Шығындардың деңгейін бақылау мәселесіне жүйелік түрде қарау аса қиын болып табылады және оның кешендік шешімі тек жаңаланған экономика-математикалық модель мен ЭВМ көмегімен мүмкін болады. Бұл кезде аса қиындық желілердің режимдері туралы ақпараттарды қайта өңдеуде және жинақтауда болады, ол ақпараттар жүктеме өзгерген сайын үзіліссіз өзгеріп отырады.

Ішкі электрмен жабдықтау желілеріндегі шығындар мен жүктемелердің өзгерістеріне әсер етуді есепке алу үшін энергожүйенің желілерінде біріккен коэффициенттермен: энергожүйедегі желілерде активті қуат шығынының өсуі кезіндегі қоректенуші желілеріндегі активті қуаттардың өзгеруі k_n; активті қуат шығыны өскен кездегі реактивті қуаттың өзгеруі- $k_э$. $k_э$ коэффициенті реактивті қуаттың экономикалық эквиваленті деп аталады. Мысалы, коэффициент $k_п$=0.1. Ол қоректенуші желілеріндегі жүктемені 1кВАР төмендеткен кезде, энергожүйедегі шығындар 0.1кВт төмендейтінін көрсетеді. Егер, мысалы, $k_э$=0.05, бұл кезде өндірістік мекемедегі желілердің реактивті жүктемесін 100квар көбейткенде, энергожүйедегі шығындар 5кВт жоғарлайтынын көрсетеді.

k_n және $k_э$ мәндері сипаттамалық режимдер үшін ЭВМ көмегімен энергожүйедегі қызметткер арқылы анықталу қажет.

3.2 Реактивті қуат көздері және олардың ерекшеліктері

Реактивті қуат тұтынушының сипатына байланысты болады. Мысалы, жарықтандыру үшін Q мәні аз және олар оны көбінесе елемейді. (3.1) көрініп тұрғандай генератордан тұтынушыға дейінгі алыс қашықтықтағы желілер арқылы реактивті қуатты жіберу шығынның жоғарлауына алып келеді, себебі R және X мәндері жоғарлайды.

Төменде ҚҚ-сыз желідегі қуаттың өзгеру схемасы (а) және тұтынушыға ҚҚ орнату кезіндегі схемасы көрсетілген.(3.1-сурет)



а) б)

3.1 сурет - ҚҚ-сыз желідегі қуаттың өзгеру схемасы (а) және тұтынушыға ҚҚ орнату кезінде

Q реактивті қуаттың өсуі активті, сонымен қоса реактивті қуаттардың шығындарының өсуіне алып келеді. Оларды төмендету үшін, қарымталау құрылғылары (ҚҚ) қолданылады, олар реактивті қуаттың көзі болып табылады және тұтынушыларды қуатпен жабдықтайды. Желілерді аса жоғары реактивті қуатпен жүктемеу үшін қорек көздері жақын жерлерден тұтынушыларды орналастырады. Сонда (3.1 –сурет) желідегі шығындар мына мәннен

$$\Delta P = \frac{P^2+Q^2}{U^2}\cdot R \quad \text{және } \Delta Q = \frac{P^2+Q^2}{U^2}\cdot X$$

келесі мәнге дейін төмендейді

$$\Delta P = \frac{P^2+(Q^2-Q_{k.y}^2)}{U^2}\cdot R \text{ және } \Delta Q = \frac{P^2+(Q^2-Q_{k.y}^2)}{U^2}\cdot X \qquad (3.1)$$

(3.1) көрініп тұрғандай, қарымталаушы құрылғының қуаты қаншалықты коп болған сайын $Q_{k.y}^2$ $(Q_{k.y}^2 < Q)$, қуат шығыны соншалықты төмендейді. Алайда шығынды азайту қарымталау құрылғысына қосымша шығындарды алып келеді, сондықтан құрылғының қуатын таңдау кезінде осы факторды ескеру қажет. Реактивті қуатты қарымталау электрмен жабдықтаудың тиімділігін жоғарлатудың басты құрылғысы болып табылады. Ол тек қуат шығынын азайтуға ғана емес сонымен қоса электр энергиясының сапасының жоғарлауына және электрстанциясы мен электр желілерінің жүксізденуіне алып келеді.

Айта кететін жайт, электр желілерін қарымталау құрылғыларымен жабдықталғандылық қазірше көп емес. Ол мемлекет бойынша не бары 0.2квар/кВт құрайды. Сонымен қатар, есептер көрсеткендей, экономикалық жағынан 0.5вар/кВт мәні тиімдірек болушы еді.

Мысалы:

4-5 учаскесі:

$$S_n^к = S_n - jQ_{cn}^к,$$

$$S_{4-5}^к = S_A - jQ_{C4-5}^к = 16{,}07 + j9{,}96 - j0{,}15 = 16{,}07 + j9{,}81 MBA,$$

$$\Delta S_n = \frac{P_n^2 + Q_n^2}{U_{ном}^2}\cdot(R_n + X_n),$$

$$\Delta S_{45}=\frac{16{,}07^2+9{,}81^2}{110^2}\cdot(2{,}3+j2{,}15)=0{,}07+j0{,}06MBA,$$

$$S_n^{н}=S_n^{к}+\Delta S_n,$$

$$S_{45}^{н}=S_{45}^{к}+\Delta S_{45}=16{,}07+j9{,}81+0{,}07+j0{,}06=16{,}14+j9{,}87MBA.$$

5-1учаскесі:

$$S_{51}^{к}=S_2-jQ_{C51}^{к}=26{,}21+j16{,}6-j0{,}8=26{,}21+j15{,}8MBA,$$

$$\Delta S_{51}=\frac{26{,}21^2+15{,}8^2}{110^2}\cdot(6{,}75+j10)=0{,}5+j0{,}77MBA,$$

$$S_{51}^{н}=S_{51}^{к}+\Delta S_{51}=26{,}21+j15{,}8+0{,}5+j0{,}77=26{,}71+j16{,}6MBA.$$

1-А учаскесі:

$$S_{1A}^{к}=S_3-jQ_{C1A}^{к}=57+j36{,}43-j0{,}3=57+j36{,}13MBA,$$

$$\Delta S_{1A}=\frac{57^2+36{,}13^2}{110^2}\cdot(1{,}32+j3{,}8)=0{,}5+j1{,}4MBA,$$

$$S_{1A}^{н}=S_{1A}^{к}+\Delta S_{1A}=57+j36{,}13+0{,}5+j1{,}4=57{,}5+j37{,}53MBA.$$

3-4 учаскесі:

$$S_{34}^{к}=S_4-jQ_{C34}^{к}=24+j14{,}8-j0{,}2=24+j14{,}6MBA,$$

$$\Delta S_{34}=\frac{24^2+14{,}6^2}{110^2}\cdot(0{,}38+j1{,}85)=0{,}03+j0{,}1MBA,$$

$$S_{34}^{н}=S_{34}^{к}+\Delta S_{34}=24+j14{,}6+0{,}03+j0{,}1=24{,}03+j14{,}7MBA.$$

2-3 учаскесі:

$$S_{23}^{к}=S_5-jQ_{C23}^{к}=39{,}118+j24{,}65-j0{,}5=39{,}118+j24{,}15MBA,$$

$$\Delta S_{23}=\frac{39{,}118^2+24{,}15^2}{110^2}\cdot(2{,}55+j6)=0{,}4+j1MBA,$$

$$S_{23}^{н}=S_{23}^{к}+\Delta S_{23}=39{,}118+j24{,}15+0{,}4+j1=39{,}518+j25{,}15MBA.$$

Реактивті қуат көздеріне генераторлар, компенсаторлар, синхронды қозғалтқыштар, конденсаторлар және тағыда басқа статикалық реттеуші көздер жатады. Сонымен қоса реактивті қуатты беріліс желілері де шығарады. Бұл қуат тек 110кВ және одан жоғары кернеулерді есептеу кезінде ғана әсер етеді.

Генератордың номиналды қуаты:

$$S_{\text{ном}} = \sqrt{P^2 + Q^2} \tag{3.2}$$

Ол активті $P = \sqrt{3}UIcos\varphi$ және реактивті $Q = \sqrt{3}UIsin\varphi$ қуаттарды өндіре алады. Бұл қуаттар өзара байланысты және тепе-анықталады (3.2). Активті қуаттың жоғарлауы реактивті қуаттың төмендеуіне алып келеді және керісінше. Алайда генераторды активті қуат есебінен реактивті қуатпен жүктеген экономикалық тиімсіз болып келеді. Соның арасында келесідей жағдайлар болу мүмкін, жүйедегі реактивті қуаттың артылуы жүйелі түрде аз үнемді генераторларды синхрондық компенсатор режиміне ауыстырады, яғни олар тек реактивті қуатты тұтынатын режимге. Құрылымдық түрде, генератор арқылы берілетін немесе тұтынылатын, реактивті қуат үш шарт бойынша шектеледі: 1) статор тогы рұқсат етілген мәннен аспау керек; 2) ротордың қозу тогы рұқсат етілген мәннен аспау керек; 3) генератордың тұрақты жұмысы қамтамасыз етілу керек. Үшінші шарт орындалу үшін генератордың реактивті қуатты тұтынуы шектеулі болу қажет.

Әдетте генератор реактивті қуатты береді, және анықтаушы ретінде екінші шарт болады, яғни қозу тогының шектеулілігі.

Синхронды қозғалтқыш (СҚ) тұтынушыларда орнатылады. Ол тек реактивті қуатты өндірмейді, сонымен қоса тұтынылатын активтіні де қолданылады. Соңғы кездері СҚ аса көп таралып жатыр. СҚ қымбат болғанымен, қарымталаушы құрылғылармен бірге қолданылатын асинхронды қозғалтқыштарға қарағанда арзанырақ.

Синхронды қарымталаушы (СК) тек тұтынушыларға қажетті арнайы реактивті қуатты өндіру үшін қолданылады. Өзінің айналуына желіден тәуелсіз түрде алатын активті қуатты пайдаланады. СК қажеттілікке байланысты реактивті қуатты бере де алады (аса қозу режиминде), сонымен қатар желіден ала да алады (қоздырылмай қалған режимде).

Төменде тізбектей және параллель қосылған конденсаторлар тобының схемасы көрсетілген. (3.2-сурет)



3.2 сурет - Тізбектей және параллель қосылған конденсаторлар тобының схемасы

Конденсатор батареясы (КБ)-бұл тізбектей және параллель қосылған конденсаторлар тобы (3.2-сурет), ол жетпей қалған реактивті қуатты жабу үшін арналған.

Тізбектей қосылған конденсаторлардың саны жоғарлаған сайын батареяға рұқсат етілген кернеу U_c мәні өседі. Параллель қосылған конденсаторлардың саны жоғарлаған сайын батареяға рұқсат етілген ток I мәні өседі. Үш фазалы желілер үшін үш батарея орнатылады, олар фазалық (жұлдызша) немесе сызықтық (үшбұрыш) кернеуге қосылады.

КБ тұтынушыларға параллель қосылу мүмкін (көлденең қарымталау) (3.3,а-сурет) немесе желіге тізбектей қосылу мүмкін (бойлық қарымталау) (3.3,б-сурет). КБ-ның СК тізбектей қосылуы 3.3,в-суретте көрсетілген.



3.3-сурет Батарея конденсаторының қосылу схемалары

Батареяларды қалыпты режимде параллель қосқан кезде батареядағы кернеу мәні шамамен тұрақты болып қалады. Бұл кезде батареямен генерацияланатын реактивті қуатты кернеу арқылы анықтаған ыңғайлы болады

$$Q_{k.y} = U_c^2 \omega C \tag{3.3}$$

(3.3) көрініп тұрғандай қуат сыйымдылыққа пропорционалды.

Тізбектей қосқан кездегі батареямен генерацияланатын реактивті қуатты ток арқылы анықтаған ыңғайлы болады:

$$Q_{k.y} = \frac{I^2}{(\omega C)} \tag{3.4}$$

(3.4) көрініп тұрғандай бұл жағдайда қуат тағы да сыйымдылыққа пропорционалды.

Тез жоғарлай алмайтын кернеуге қарағанда, ток I қысқа тұйықталу кезінде лезде өсіп кету мүмкін. Бұл кезде әр бір конденсатордағы кернеу U_0 мәні жоғарлайды, олар тесілу болдырмау үшін рұқсат етілген мәннен аспау қажет. Сондықтан конденсаторды тізбектей қосқан кезде әдетте КБ үш фазвсына параллель разрядттаушы қосылады, олар кернеу жоғарлаған кезде тесіп шығады және батареяны шунттайды. Бұл кезде құрылғының және оның эксплуатациясы мәнді түрде қиындайды.

Конденсатор батареяларының тиімділігі оларға, қосылатын желінің жүктелуіне көп жағдайда түрде тәуелді болады. Көбінесе ол реактивті қуаттың экономикалық эквивалентімен анықталады $k_э$.

Басқарылатын (РБК) және басқарылмайтын (НБК) конденсатор батареялары бар.

Беріліс желісі – бұл реактивті (зарядталған) қуатты $Q_c = U^2 b_0 l$ генерациялайтын жүйе элементі.

Генераторлар, желі және қозғалтқыштар жүйенің қажетті элементтері болып табылады, қарымталаушы мен конденсатор – көбіне реактивті қуатты өндіру үшін орнатылатын, қосалқы қорек көзі. Сондықтан, қарымталаушы мен конденсатордың өзара артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау керек:

Конденсаторлар қарымталаушыдан арзан болады;

Конденсатордағы активті қуат шығындары қарымталушыдан бірнеше есе аз;

Конденсаторды аз қуатқа да жоғары қуатқа да қолдануға болады. Қарымталаушы көп жағдайда жоғары қуат кезінде ғана қолдану тиімді болады.

Конденсаторларда жылжымалы бөлігі болмағандықтан, олар сенімді және қызмет көрсету кезінде қарапайым.

Конденсаторлар кернеу қисығының пішінін жақсартады, себебі жоғары гармоникті токтар үшін аз кедергіге ие болады. Сондықтан жоғары гармоника токтары көбінесе желі арқылы емес, конденсатор арқылы тұйықталады;

Көп жағдайда конденсаторлар ревизия мен жөндеу жұмыстары кезінде ұзақ уақытты өшіруді талап етпейді.

Сонымен қатар: 1) карымталаушылар реактивті қуатты жатық реттеуі мүмкін, ал конденсаторлар батареялардың жеке топтарын қосып өшіру арқылы тек секірмелі түрде реттей алады. 2) карымталаушылар реактивті қуатты бере де (өндіреді), ала да (тұтынады) алады; конденсаторлар тек бере алады. Компенсатордың бұл сипаты кернеуді реттеуге көмектесе алады. Аз жүктеме сағаттарында (мысалы, түнде) кернеу күрт өсуі мүмкін, бұл оқшауламаға қауіп туғызады. Кернеуді төмендету үшін, кернеу шығынын келесі мәндермен жоғарлату керек

$$\Delta U = \frac{PR+QX}{U} \text{ мәнінен}$$

$$\Delta U = \frac{PR+(Q+Q_к)X}{U} \text{ дейін} \qquad (3.5)$$

Бұл үшін қарымталаушы реактивті қуатты желіден тұтынуы тиіс, яғни қоздырылмай қалған режиде жұмыс істеуі керек (3.4-сурет). Ал конденсаторларды кернеу түсіру үшін желіден тобымен немесе толық өшіруге тиіс болады. (3.5)-ке сәйкес кернеу түсіру мақсатында желідегі реактивті қуатты көбейту, (3.1)-ке сәкес қуат шығынының артуына алып келуі мүмкін. Алайда бұл үрдіс ұзақ болмайды және оқшаулама сақтау үшін де жіберілетін болып саналады.

Төменде Қарымталаушының реактивті қуатының $I_{\text{возб}}$ қоздыру тогынан тәуелділік схемасы көрсетілген.(3.4-сурет)



AB – қоздырылмай қалған (қарымталаушы реактивті қуатты желіден алады);
BC – аса қоздырылған (қарымталаушы реактивті қуатты желіге береді)

3.4 сурет - Қарымталаушының реактивті қуатының $I_{\text{возб}}$ қоздыру тогынан тәуелділігі:

Конденсатордың реактиті қуатын жатық реттей алу үшін, тиристорды сыйымдылық немесе индуктивтілікпен тізбектей жалғанатын арнайы қондырғылар ойлап табылған. Бастапқыда жатық басқарудың басқа да әдістері ұсынылды. Бұл қосымша қондырғылар қарымталаушы қондырғыдан қымбат болғанымен, жалпы алғанда олар конденсаторлардың артықшылығын сақтай отырып, кемшілігін жояды.

3.3 Желідегі активті және реактивті қуаттарды таратуды оңтайландыру

Барлық тұтынушыларды активті және реактивті қуаттармен қамтамасыз ету желінің элементтері бойымен түрлі тарату арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осыған байланысты қуат шығыны көп немесе аз болуы мүмкін. Мысалы, осы көзқарасқа байланысты көп жағдайда тұтынушыларды электр энергиясымен жақын орналасқан электр станциясынан ең жақын жолмен қамтамасыз еткен тиімді.

Бір немесе одан да көп қорек көзі бар, эқк болатын желідегі активті қуаттың шығындары біртекті желідегі қуат таратумен сәйкес келеді, яғни келесі жағдайда:

$$tg\alpha = \frac{X}{R} = const. \qquad (3.6)$$

Бұл минималды шығындарға сәйкес келетін қуатттарды қалыпты таратуы, егер желінің барлық элементтерін tgα бірдей болған жағдайда олардың активті R кедергісімен немесе $R + jR\ tg\alpha$ алмастырса пайда болады.

Қуаттың минималды шығыны, яғни желідегі активті қуатты тиімді тарату, түрлі әдістермен алынуы мүмкін. Мысалы, көлденең реттеу жасайтын арнайы желілік реттегіштер қолдану арқылы желінің әртүрі генераторлары арасында қуатты сәйкесінше тарату, желінің конфигурациясынын өзгерту (жеке элементтерді қосу немесе өшіру арқылы) және т.б.

Қуат шығынын төмендету бойынша аталған іс-шаралар басқа да факторларға әсер етеді. Турбогенратолар арасындағы қуатты қайта тарату тұтынатын отын бағасының өзгеруіне алып келеді, себебі кейбір генераторлар екіншісінен үнемдірек, немесе бір генератор көп немесе аз үнемді режимде жұмыс істеуі мүмкін. Сәйкесінше генератолардың қуатын өзгерту түрлі су қоймаларының су шығынын қайта есептеуге алып келеді, бұл өз кезегінде әртүрлі гидроресурстардың үнемділігін өзгертуі мүмкін. Сызықты реттегіштерді қолдану кезінде осы реттегіштерге кететін капиталды шығындарды ескерген жөн және т. б.

Осылайша, активті қуатты рационалды тарату қарастырылып отырған жағдайдың түрлі жақтарын ескеретін, күрделі кешенді мәселе болып табылады: қуат шығыны, генераторлар жұмысының үнемділігі және т. б.

Жоспарланатын режимдер үшін активті қуатты тарату ЭЕМ-де арнайы программалар бойынша есептеледі. Жоспарланатын режимге байланысты пайда болу мүмкіндігі жоғары болатын ауытқулар үшін оптималды режимдер де есептеледі (жоспардан тыс жүктемені өшіру, желі элементтерін өшіру және т.б.). Есептелген оптималды режим бойынша жеке станцияларға олардың беріп отырған активті қуаты бойынша тәуліктік графиктер беріледі. Бұл графиктер арнайы автоматты қондырғылар көмегімен ұсталынып тұруы мүмкін. Жеке генераторладағы активті қуатты реттеуді тиімді тарату автоматты басқару жалпы жүйесімен байланысты болуы керек.

Жүйе элементтерімен реактивті қуатты тарату да оптимизацияны талап етеді. Реактивті қуатты ұзақ қашықтыққа тарату отын шығынын көбейтеді, желінің өткізгіштігін және қондырғының қызмет ету мерзімін төмендетеді, яғни бүкіл желінің техника-экономикалық көрсеткішін төмендетеді. Сонымен бірге кернеудің үлкен ауытқуымен бірге жүреді, бұл статикалық шарт бойынша берілетін қуаттың шегін азайтады, сәйкесінше энергожүйенің жұмыс істеу сенімділігін азайтады. Тұтынушыдағы кернеудің азаюы өз кезегінде, механизмдердің жұмыс істеу өнімділігін азайтады, яғни оладың жұмыс істеу мерзімі де төмендейді.

(3.1) көріп тұрғанымыздай, реактивті қуат көздерін тұтынушыға жақын орналастыру активті және реактивті куат шығынын азайтады, яғни энергожүйенің жалпы режимін жақсартады.

3.4 Желінің жеке элементтерін қосу мен өшіру және электр энергиясының шығынын бақылау

Желідегі активті және реактивті қуаттарды тиімді тарату үшін, қажетті кернеу деңгейін орнатудан, компенсациялаушы қондырғыларда реактивті қуатты өзгертуден және басқа да іс-шаралар қолданудан басқа, қуат шығынын желінің, дәлірек айтқанда трансформаторларда жеке элементтерін қосу немесе өшіру арқылы.

Трансформаторларды қосу және өшіру. Трансформаторлардағы қуат шығынының екі құраушысы бар: жүктемеге тәуелді қысқа тұйықталу шығындары, және жүктемеден тәуелсіз болатын бос жүріс шығыны. Қуатты көп тұтынатын кезеңдерде трансформатор санын көп қолданған дұрыс. Бұл кезде мыстағы шығынның азюы болаттағы шығынның көбеюіне алып келеді. Аз жүктеме кезінде, керсінше, трансформаторлар бөлігін азайтқан жөн.

Төменде трансформаторлардың жалғану схемасы көрсетілген.



3.5 сурет - Трансформаторлардың жалғану схемасы

Тұтынылатын қуаты S болған кездегі екі бірдей параллель трансформаторлары бар қарапайым қосалқы станцияны қарастырайық. Қысқа тұйықталу шығыны берілетін қуат квадратына пропорционал,

$$\Delta P_k = \Delta P_{\text{к.ном}} \left(\frac{S_{\text{тр}}}{S_{\text{ном}}}\right)^2 \tag{3.7}$$

Бос жүріс шығындары

$$\Delta P_{\text{х}} = \Delta P_{\text{х.ном}} \tag{3.8}$$

$\Delta P_{\text{х.ном}}$ және $\Delta P_{\text{к.ном}}$ мәндері П.5.7 – П.5.22 кестелерінде немесе басқа да анықтамаларда корсетілген.

Екі трансформатор қосылған режимде, әрбір трансформатор арқылы берілетін қуат:

$$S_{\text{тр}} = 0.5 S_{\text{пс}} \tag{3.9}$$

Қуаттың қосынды шығыны бұл жағдайда:

$$\Delta P = 2(\Delta P_k + \Delta P_x) = 2(\Delta P_{\text{к.ном}}(\frac{0.5S}{S_{\text{ном}}})^2 + \Delta P_{\text{ном}}) \quad (3.10)$$

Егер трансформаторлардың бірі сөндірулі болса (3.5, б-сурет), онда жұмыс істеп тұрған трансформатор арқылы өтетін қуат:

$$S_{\text{тр}} = S_{\text{пс}} \quad (3.11)$$

Онда 3.5, б-суретінде көрсетілген жағдай үшін қуаттың қосынды шығыны келесідей болады:

$$\Delta P_{\text{б}} = \Delta P \quad (\frac{S}{S_{\text{ном}}})^2 + \Delta P_{\text{х.ном}} \quad (3.12)$$

Яғни, егер де 3.5, а, б- суретінде келтірілген жағдайлар үшін шығындарды салыстарған кезде, келесі шарттар орындалса, онда трансформаторларды сөндіру тиімді болатыны анықталады:

$$\Delta P_{\text{б}} = P_{\text{а}} \quad (3.13)$$

(3.10) және (3.12) өрнектеріне (3.13) қоя отырып, теңсіздік келесі жағдайда қанағаттандырылатынын кореміз:

$$S < S_{\text{ном}}\sqrt{2\Delta P_x/\Delta P_{\text{к.ном}}}\,. \quad (3.14)$$

Сәйкесінше, n трансформаторлар параллельно қосылған кезінде, олардың біреуін сөндіру келесі шарт сақталған кезде тиімді болып табылады:

$$S < S_{\text{ном}}\sqrt{n(n-1)\Delta P_{\text{х.ном}}/\Delta P_{\text{к.ном}}} \quad (3.15)$$

Бір қосалқы станцияда бірнеше трансформаторларды резервтеу мақсатымен орнату тек арнайы жағдайларда болатынын ескерген жөн. Егер қосалқы станциядағы трансформатордың тиімді саны қарастырылып жатса, қарастырылғаннан басқа қысқа тұйықталу токтарының өзгеру мөлшерін және қосымша трансформатор орнатқан кездегі сенімділік дәрежесін ескерген жөн. Төменгі кернеу желісі бойындағы түрлі қосалқы станциялардағы трансформаторларды өзара резервтеу кезінде тек трансформатордағы ғана емес, сонымен қатар желідегі шығындарды да ескеген жөн болады.

Алайда режим өзгерген кездегі трансформаторларды қосып өшіру кейбір қиындықтарға тап болады, себебі әрбір трансформатор үшін жүктеме акжыратқышын орнату қажеттілігі туындайды. Егер қуат шығынын азайтатын болса оларды орнату тиімді болады. Сондықтанда жүктеме ажыратқышы бар және жоқ болған суздгі келтірілген шығындарды салыстып, ең тиімді нұсқаны таңдау керек болады. Бір қосалқы станцияда параллель жұмыс істейтін, айрғышы бар жүктеме ажыратқышы жоқ трансформаторлардың біреуінің қабілеттілігін тексеру бойынша жұмыстар жүргізілген. Егер аз уақытқа қосалқы станцияны қорек көзінен ажыратса, барлық жағдайда трансформаторды айрғыш көмегімен өшіріп қосуға болады, бірақ ол әрдайым мүмкін бола бермейді.

Сонымен қатар, қосу мен сөндіруді автоматты басқаратын айрғыштар мен жүктеме ажыратқыштары өндірісте шығарылмайды. Сондықтан тәуліктікке сәйкес болатын режимді трансформаторлада ұстап тұру, тек қосалқы станцияда қызмет етуші персонал болған кезде ғана мүмкін болады. Қуат шығынын азайту үшін қуат ажыратқыштарын орнату әрдайым ақтала бермейді.

Қарымталаушы қондырғыладағы реактивті қуатты өзгерту. Жүктеме режимі өзгерген кезде қарымталаушы құрылғылардың тиімді қуаты әрдайым өзгеріп тұрады. Мұндай өзгерісті жүзеге асыру арнайы басқарушы автоматикасы бар жатық реттелетін қарымталаушы қондырғылар үшін ғана жүзеге асады.

Сатылы реттелетін қарымталаушы құрылығылар кезінде олардың қуатын өзгерту, мысалы, параллель бір тармақтарды өшіру немесе қосу жүктеменің тек белгілі бір мәндерінде тиімді болады.

Жатық реттелетін қарымталаушы құрылғылар кезінде қуат шығынының азайтылуы қамтамасыз етіледі, алайда бұл құрылғылар қымбат тұрады. Қайсыбір қарымталаушы құрылғыларды таңдау келтірілген шығындар бойынша жүргізіледі.

Энергия шығынын бақылау, тұтынушы санауыштары тіркейтін энергияны ескермей, санауыштар көмегімен энергия мәнін анықтау мақсатымен және энергия үнемділігін жоғарлату үшін жүргізіледі.

Тұтынушы санауышы тіркемейтін энергияны анықтау, коректендіруші қосалқы станциядағы және тұтынушы сануыштарын салыстыру арқылы немесе арнайы қондырғылар көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Кейбір айырмашылықтар желідегі шығындардан да болады. Егер бұл айырмашылық желідегі есептік шығындардан көп үлкен болатын болса, онда себеп-салдарды анықтап, оларды жою керек.

Энергияны үнемдеудің негізгі ынталандырушысы тұтынушыдан алынатын энергия үшін төлемдер болып табылады. Энергожүйе үшін энергияның өзіндік құны тәулік мезгілінен (минимум жүктеме сағаттарында өзіндік құн төмен), жыл мезгілінен және энергия сипаттамасынан (активті және реактивті қуаттардың қатынасы) тәуелді екенін ескере отырып, энергия үшін тұтынушының төлеуі көп жағдайда дифференциалданған түрде жүзеге асырылады.

Энергия жетіспеушілігі кезінде кейбір тұтынушылар энергожүйеден шектеледі.

4 Электр қауіпсіздігі

Электр қауіпсіздігі, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық арналған ғимараттардың электр қондырғылары және жалпы техникалық шарттар бойынша ҚРСТ 1295-2004, 2006.01.01 күні енгізілді.

Қолданылу саласы: бұл стандарт ғимараттардың электр қондырғыларының электр қауіпсіздігі жөніндегі жалпы техникалық шарттарды белгілейді.

Стандарт талаптары өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық арналған мынадай ғимараттардың электр қондырғыларына таратылады:

-тұрғын үйлер;

-өндірістік ғимараттар;

-сауда кәсіпорындары;

-қоғамдық ғимараттар;

-ауыл шаруашылық құрылыстары;

-тұрғын автофургондар және оларға арналған тұрақтар;

-құрылыс алаңдары, тамашалау құрылыстары және де басқа уақытша құрылыстар.

Электр тоғымен зақымдалу дәрежесіне сәйкес электр қондырғыларымен жабдықталған ғимарат класын белгілеу қажет.

Белгіленген класс негізделген нышандарды көрсету қажет.

Электр тоғымен зақымдалудан қорғану іс-шараларын, электр желілерінде қысқа тұйықталудың нәтижесінде жарылыс пен өрттердің пайда болуынан қорғаныс (арнайы орындалған электр қондырғыларын пайдалану; қауіпсіз кернеулік, күштік және жарықтандырғыш желілердің тоқ өткізгіш бөліктерін оқшаулау; оларды қолмен ұстап қалудан жеткіліксіз жерге орналастыру; блоктауды, ескерту дабылдарын қолдану; қорғаныстық жерсіндіру мен өшіп қалуды; жеке қорғаныс құралдарын пайдалану т.с.с.).

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы дипломдық жұмыста кернеуі 110 кВ қосалқы станцияның тұтынушыларын қоректендіруші электр торабын жобаладым. Қосалқы станцияларының берілген мәндері бойынша электрлік есебін жүргіздім. Осы қосалқы станциялардағы электр беріліс желісінің номинал кернеуін таңдадым. Қауттарына байланысты ТРДН-10,16,25,40/110 трансформаторларын таңдадым.

Ең алдымен Стилл формуласы бойынша желінің кернеуін анықтадым. Жобалау кезінде қосалқы станция трансформаторларының типін және қуатын таңдадым және олардың қуат шығындарын есептедім. Сымдардың параметрлерін таңдау алдында сымның қимасын таңдадым, ол участоктың токтарына байланысты алынады.

Сонымен қатар желінің кернеу шығындарын, желінің технико-экономикалық тиімділігін есептедім. Және де ең маңызды нәрсе, ол желінің максималды жүктеме мен минималды жүктеме кезіндегі қуатты есептеу, содан кейін қосалқы станцияның минималды режимін есептеу болды. Апаттық режимді есептеу кезінде мен бір участокты қиып алдым, содан кейін оның жүктемелерін қалған участоктарға қоса отырып оның есептік қуатын және кернеу шығындарын есептедім. Ең соңында мен сымдардың механикалық есептеулерін жүргіздім.

Тұтынушы санауышы тіркемейтін энергияны анықтау, қоректендіруші қосалқы станциядағы және тұтынушы сануыштарын салыстыру арқылы немесе арнайы қондырғылар көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Кейбір айырмашылықтар желідегі шығындардан да болады. Егер бұл айырмашылық желідегі есептік шығындардан көп үлкен болатын болса, онда себеп-салдарды анықтап, оларды жою керек.

Энергия жетіспеушілігі кезінде кейбір тұтынушылар энергожүйеден шектеледі. Жұмыста еңбекті қорғау және қоршаған ортану қорғау мәселелері қарастырылды. Өндірістегі желдету мен табиғи жарықтандыру қарастырылды, және осыларға сәйкес есеп жүргізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Блок В.М. Электрические системы и сети. М.: «Высшая школа», 1986- 294 с.

2 Басс Э.И., Дорогунцев В.Г. Релейная защита электроэнергетических систем. Учебное пособие / Под ред. А.Ф. Дьякова. – 2-е изд., стереот. – Изд

3 Веников В.А. Электромеханические переходные процессы в электрических системах.-М.: Высшая шк.,1985-536б.

4 Глазунов А.А., Электрические сети и системы, Госэнергоиздат,1980 - 246 б.

5 Идельчик В.Н. Электрические системы и сети. М: Энергоатомиздат, 1989-251 б.

6 Евдокунин Г.А. Электрические системы и сети. Учебное пособие для студентов электроэнергетических спец. вузов. - СПб: Издательство Сизова М.П. 2001 -360 б.

7 Мельников Н. А., Солдаткина Л.А., Регулирование напряжения в электрических сетях.: –изд-во Энергия, 1982 - 353 б.

8 Овчаренков Н.И. Автоматика электрических станций и электроэнергетических систем. Москва. – Издательство НЦ ЭНАС, 2000 – 503б.

9 Окуловская Г.Я., Павлова М.В., Паниковская Т.Б., Смирнов В.А., Устойчивость электрических систем. Учебное пособие. Екатеринбург.- УГТУ,2001 - 60б.

10 Правила устройства электроустановок, изд-во «Энергия», 2005- 201 б.

11 Учебное пособие под ред. Г.И. Денисенко Электрические системы и сети. М.: Высшая школа, 1986-283 б.

12 Ульянов С.А. Электрмагнитные переходные процессы в электрических системах.-М.: Энергия, 1968-456 б.

13 Электрические системы и сети в примерах и иллюстрациях. Учебное пособие для электроэнергетических специальностей. /Под ред. В.Л. Строева, -М.: Высшая школа, 1999-198 б.